УДК 378.02:37.016

Нұржанова А.
ф.ғ.к., ассист.проф., Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қаласы, Қазақстан
aisulu.nurzhanova@sdu.edu.kz

ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА АССОЦИАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Abstract. The article considers the efficiency of the associative method of teaching the Kazakh language as foreign language.

Key words: associative method, efficiency, teaching the Kazakh language

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі саяси, экономикалық беделіне сай шетелдік білімгерлердің қазақ тіліне сұранысы жылдан жылға артып келеді. Сондықтан қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру – өзекті мәселе.

Осы уақытқа дейін қазақ тілін оқытуға арналған кешенді оқулықтар орыс тілді аудиторияға арналып жазылғандықтан, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда пайдалануға тиімсіз болып отыр. Бүгінгі таңда дайындық бөлімдері бар жоғары оқу орындарында шетелдік білімгерлерге қазақ тілін оқытатын әдіскер-оқытушылар көптеген қиындықтарға тап болуда.

Біріншіден, тілді оқытудың еуропалық стандартына сәйкес бес деңгейге арналған арнайы оқу кешенінің жоқтығы, практикалық сабақтарда пайдаланатын аудио-визуалды базаның қалыптаспағандығы, тіпті кітап дүкендерінің сөрелерінде сатылымда тұрған аудиоматериалдардың барлығы орыс тілді тіл үйренушіге арналғандығы;

Екіншіден, шетелдік әдістемеде жиі пайдаланылатын республикалық деңгейдегі тілді (қазақ тілі) шет тілі ретінде оқытуда біліктілікті жетілдіру курстарының жоқтығы, семинарлар, вебинарлар (онлайн-семинар) жиі ұйымдастырылмайтындығы, отандық жетекші әдіскер-ғалымдардың жетекшілігімен құрылған орталықтардың жоқтығы бұл мәселенің әлі де шешімін таппай, ұзақ жылдар бойы өзгеріссіз, баяу дамитындығын аңғартады. Егер осы бағыттағы отандық әдіскер-ғалымдар бірігіп, бір арнада жұмыс істесе, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесі артып, шетелдіктерге тіл үйретуде көптеген мәселелер шешімін тауып, осы салада жаңа зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туады. Бұл мәселенің шешілуі қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жаңа деңгейге көтермек, нақты қоғамдық сұраныстарды қанағаттандырмақ.

Осы орайда тілді шет тілі ретінде оқыту әдістемесі бағытының негізін қалыптастырушылар: ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудағы әдіскер-ғалымдар (Clive Oxendon, Christina Lathman-Koenig, Paul Seligson, Araminta Crace, Alex Tiibury, Theresa Clementson, Leslie Anne Hendra, David Rea,Michael McCarthy, Jeanne McCarten, Helen Sandiford), орыс тілін шет тілі ретінде оқытатын әдіскер-ғалымдар (М.Н.Вятютнев, Б.А.Глухов, А.Н.Щукин, И.А.Зимняя, Э.И.Иванова, З.Н.Иевлева, О.Каган, В.Т.Марков, Е.Ю.Николенко және т.б..), қазақ тілін шет тілі ретінде оқытатын әдіскер-ғалымдар (Қ.Қадашева, Ұ.Асанова, Б.Ашықбаева, Ф.Оразбаева, Т.Аяпова, Э.Сүлейменова, З.Ерназарова, З.К.Ахметжанова, З.Күзекова, М.Жолшаева, Г.Мұсаева және т.б.) деуге болады.

Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің қарқынды дамығандығы, орыс тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің бәсекеге қабілеттілігі осы бағытта зерттеулер

жүргізетін отандық ғалымдардың қазақ тілін оқытуды жаңа мазмұнмен толықтыруға, жүйелі жұмыс жүргізуге ынталандырады.

Қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің заманауи үрдістері әдіскер-ғалымның алдына тіл білімі ғылымының антропоцентристік бағытына сәйкес өзгеше міндеттер қойып отырғаны белгілі. Басқаша айтқанда, тілді оқытудың мазмұнын тереңдетіп, үйлестірілген тәсіл арқылы тіл үйренушінің лингвоелтанымдық, лингвомәдени құзіреттілігін, тіл үйренушінің тілдік тұлғасын қалыптастыруға негізделеді.


Шетел білімгерлерінің лингвомәдени құзіретін қалыптастыру практикалық қазақ тілі сабақтарында жүзеге асырылады. Ең алдымен, лингвоелтанымдық, лингвомәдени тақырыптардың қолжетімділігіне, шетелдік тыңдаушылардың қызығушылығын оятатын лингвомәдени компоненті бар тілдік бірліктерді саралау және сұрыптау қажеттілігі туындайды. Әрине, бұл жағдайда, лингвомәдени ақпараты бар сөздер, сөз тіркестері, мәтіндер тіл үйренушінің деңгейіне қарай беріледі. Қарапайым деңгейге арналған мәтіндер жеңіл, қарапайым болғаны жөн. Мысалы, кез келген сабақтың лексика-грамматикалық тақырыбына сай берілген мақал-мәтелдердің мағынасын ассоциациялық әдіс арқылы түсіндіріп, тіл үйренушінің санасында Power Point бағдарламасын тиімді пайдалану арқылы бекітуге болады.


«Адамның сезім мүшелері арқылы қабылданған ақпараттардың негізінде ассоциация туындайды»[1], сондықтан ассоциативтік әдіс тілдерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдердің бірі деуге болады. Демек кез келген тілді үйренуде тіл үйренушінің ассоциациялар қоры мол болса, оның лингвомәдени, лингвоелтанымдық құзіреті дұрыс қалыптасады. Осы орайда орыс ғалымы Леонтьев: «Если нам нужно найти метод, с наибольшей объективностью позволяющий вскрыть “культурную” специфику словарных единиц, вскрыть те побочные, непосредственно не релевантные для обобщения семантические связи, которые имеет данное слово, его семантические “обертоны”, - без сомнения, таким методом является ассоциативный эксперимент», -деп көрсетеді [2].


«Ассоциация – бұл реттелген бірнеше рефлекстердің жиі-жиі қайталану нәтижесі. Ал кез келген психологиялық актінің нәтижесі бір ғана процестің санада фотографиялық түрде қайталануы», -деп жазады И.М.Сеченов [3].

Шетелдік білімгерлерге арналған практикалық қазақ тілі сабақтарында ассоциациялық әдіс тіл үйретуші оқытушы мен тіл үйренуші білімгердің танымдық қызығушылығын талап етеді. Бұл әдісті нәтижелі жүзеге асыру үшін оқытылатын тақырып жүйелі берілуі керек. Мысалы, әр тақырып лексикасын (жаңа сөздерін) Power Point бағдарламасы арқылы таныстыру. Бастапқы деңгейде тіл үйренушілердің лексикалық қоры тым аз болғандықтан, тіл үйренушіге түсінікті болуы үшін қарапайым тәсілдерді пайдаланған жөн. Мұндай тәсілдерге көрнекіліктерді пайдалану, антонимдерді табу жатады. Ал көрнекіліктерді пайдаланбаған жағдайда, тіл үйренушіде лексикалық бірлік мағынасы туралы теріс пікір қалыптасуы мүмкін. Мысалы, *«Қазақтың ұлттық тағамдары»* тақырыбын өткен кезде *ас – адамның арқауы, ішің ауырса, аузыңды тый, асы бар аяқтан (ыдыстан) аттама* деген мақал-мәтелдердің шетелдік білімгер санасында тез жатталуы үшін мынадай суреттерді пайдалану арқылы жадында сақтау қабілетін арттыруға болады:









Ассоциативті әдіс белгілі бір тақырып аясында пайда болған ассоциацияларды байланыстыру арқылы жүзеге асырылады. Пайда болған ассоциацияларды біріктіретін олардың ортақ қасиеттері:

- түр-түсі
- пішіні
- мөлшері
- көлемі
- дәмі, иісі

Ассоциативті әдісте жаттығулар жүйесін тиімді пайдалануға болады. Осындай жаттығулардың бірі *ассоциативті тізбек* жаттығулары. Практикалық қазақ тілі сабақтарында түрік студенттеріне тақырыптық ассоциативті тізбек құру тиімді пайдаланылады. Мысалы, *«Ұлттық тағамдар»* тақырыбы Power Point бағдарламасы арқылы үш лексика-семантикалық топқа бөлінеді. Тіл үйренушілер тақырып бойынша мынадай ассоциативті тізбек құрайды: *ұлттық тағамдар – еттен жасалатын ұлттық тағамдар – сүттен жасалатын ұлттық тағамдар – ұннан жасалатын ұлттық тағамдар.* Жұмыстың келесі кезеңінде олар *«Еттен жасалатын ұлттық тағамдар»* лексика-семантикалық тобына ассоциативті тізбек құрайды: *ет, қуырдақ, сірне, қазы-қарта*. Одан кейінгі тапсырмалар жүйесі үзілген ассоциативті тізбекті қайта құруға арналады. Мысалы, үшінші *ұннан жасалатын ұлттық тағамдар* лексика-сематикалық тобына қатысты бірінші сөз - *бауырсақ*, соңғы сөз - *өте дәмді*. Үзілген тізбекті қайта жалғау тәсілі: *бауырсақ – ұннан жасалады – ашытқы қосады – майға қуырады – домалақ – ыстық –сап-сары - өте дәмді.*

Ассоциативті тізбек жаттығулары жаңа сөздерді тез жаттап алуға көмектеседі.

Ассоциациялық әдіс оқытушының эмоциясы (ым-ишара, іс-қимыл, дауыс ырғағы және т.б.) арқылы жүзеге асырылған жағдайда ғана нәтижеге жеткізеді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда ассоциациялық әдісті пайдалану – тіл үйренушінің қазақ тіліне қызығушылығын арттыруға, үлгерімін

жақсартуға, лингвоелтанымдық, лингвомәдени құзіретін дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. Алматы: Елтаным баспасы, 2011 ж. – 204 б.
2. Леонтьев А.А. Словарь ассоциативных норм русского языка. – М., 1977.

Сеченов И.М. Рефлексы головного мозга / Элементы мысли, СПб, «Питер», 2001 г., с. 85-86.

ӘОЖ 37.022(1.-87):82.08

Нұрекешова Г. Р.[1], Жұмағұлова М. Ш.[2]

[1]«Шетел тілдері және аударма» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.
[2]«Шетел тілдері және аударма» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан, Gulnaz_N71@mail.ru, Mariyash_shj@mail.ru

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Abstract. Patriotic education closely co-operates with education of citizenship, consciousnesses of responsibility for safety and prosperity of Motherland, its advancement on the way of progress.

Key words: patriotism, national advantage, spiritual education, national mentality.

Қазіргі кезеңде адамның кәсіби шеберлігіне, біліктілік өресіне, зиялылық пен танымдық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр. Қоғамдағы білім саласында туындаған іргелі өзгерістер білім беретін оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісін түбегейлі қайта қарауды, оны жүргізудің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануды алға тартады.

Отаншылдық, елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады [1]. Сондықтан отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болмақ. Бұл қасиеттер жастармен, атап айтқанда білім алушылармен Отаншылдық тәрбиеге қатысы бар барлық жоғары оқу орындарының мақсатпен әрі нәтижелі жұмыс істегенінде ғана санаға сіңеді, әрі жүзеге асады.

Елжандылық - тарихи тамыры терең әлеуметтік, саяси, психологиялық құбылыс. Ол ұлттардың арасындағы демократиялық дүниетанымға, адамгершілікке, бөтенді жатырқамайтын қазақы ұлттық менталитет пен дәстүрге негізделген.

Түбірі «ел» сөзінен шыққан «елжандылық - өз ұлтын, халқын, жерін, ана тілін, ділін, мәдениетін сүйетін, оны дамыту мен қауіпсіздігін сақтауды қоғам мұратымен тығыз байланыста іске асыратын, өзге халықтарға бөтен ниеті жоқ әрбір ұлт адамына жарастықты қасиет» - деп анықталды [2]. Елжандылық ұғымын басқа ұлттың мәдениеті мен дәстүріне толеранттық көзқарас сияқты қасиеттер арқылы қарастыру ұсынылады. Елжандылық - тарихи тамыры терең әлеуметтік, саяси, психологиялық құбылыс. Этникалық сәйкестілік пен азаматтық сәйкестілікті үйлестіру өзара ұлттық түсінікті орнатуға, өз ұлттық қадір-қасиетін құрметтеуге, басқа ұлттардың қадір-қасиетін кемсітпеуге тәрбиелеуді қажет етеді. Өз халқының тамаша ерекшеліктерін сыйлау, басқа